

Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық мәдени деңгейін арттыру жөніндегі 2012 - 2014 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 2 наурыздағы № 285 Қаулысы

Құқықтық мәдени деңгейді одан әрі арттыру, құқықтық түсіндіру жұмысының нысандары мен әдістерін жетілдіру, азаматтарды құқықтық оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық мәдени деңгейін арттыру жөніндегі 2012 – 2014 жылдарға арналған кешенді жоспар (бұдан әрі – **Ж о с п а р**) **б е к і т і л с і н .**

2. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық мәдени деңгейін арттыру жөніндегі өңірлік кешенді жоспарларды әзірлесін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісім **б о й ы н ш а**) :

1) Жоспарды іске асыру жөніндегі шараларды қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жартыжылдық және жыл қорытындылары бойынша 10 шілде мен 10 қаңтардан кешіктірмей Жоспардың іске асырылу **барысы туралы ақпарат ұсынсын.**

4. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жартыжылдық және жыл қорытындылары бойынша 20 шілде мен 20 қаңтардан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық **а қ п а р а т ұ с ы н с ы н .**

5. Жоспардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі бақылау мен үйлестіру Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2

н а у р ы з д а ғ ы

№

2 8 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық мәдени деңгейін арттыру жөніндегі 2012 – 2014 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспары

| Р/с № | Іс-шараның атауы | Аяқталу нысаны | Орындауға (іске асыруға) жауаптылар | Орындау (іске асыру) мерзімі | Болжанатын шығыстар (мың. теңге) | Қаржыландыру көздері |
|-------|--|-----------------|---|------------------------------|----------------------------------|----------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | Ақпараттық-насихаттау жұмысының түрлі нысандары мен әдістерін пайдалана отырып, ауыл халқына көшпелі консультациялар | Консультациялар | Әділетмині, орталық атқарушы органдар, БП (келісім бойынша), ЭҚСЖКА (келісім бойынша) | Токсан сайын | Талап етілмейді | |
| 2 | Халықтың жекелеген санаттарымен, атап айтқанда, кәсіпкерлермен, журналистермен, зейнеткерлермен, мүгедектермен және аз қамтылған азаматтармен құқық түсіндіру жұмыстарын жүргізу | Тренингтер | Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар | Токсан сайын | Талап етілмейді | |
| 3 | Азаматтарға мемлекеттік органдардың қызметіне қатысты мәселелер бойынша консультациялар беру | Консультациялар | Әділетмині, орталық және жергілікті атқарушы органдар | Токсан сайын | Талап етілмейді | |
| 4 | Әділет органдары, «Нұр Отан» ХДП қызметкерлерінің, адвокаттардың, нотариустардың және тағы да басқалардың қатысуымен республикалық «Әділет кеңес береді» акциясын өткізу | Консультациялар | Әділетмині, «Нұр Отан» ХДП, жергілікті атқарушы органдар | Жартыжылдық бойынша | Талап етілмейді | |
| 5 | Ашық есік күндерін өткізу тәжірибесін енгізу және адвокаттар алқасының, нотариаттық палатаның азаматтарға тегін заң консультацияларын беруі | Консультациялар | Әділетмині | Ай сайын | Талап етілмейді | |
| | | | | | | |

| | | | | | | | |
|----|---|--|---|---|--|---|--|
| 6 | Неғұрлым өзекті құқықтық мәселелер бойынша, атап айтқанда, міндеттемелік, жер, неке-отбасылық қатынастар, меншік құқығын қорғау және т.б. бойынша басшылар мен мамандардың БАҚ-та сөз сөйлеулері | БАҚ-тағы баяндамалар | Әділетмині, орталық атқарушы органдар | Тоқсан сайын | Талап етілмейді | | |
| 7 | Мерзімді баспасөз басылымдарында құқықтық тақырып бойынша ақпараттық материалдарды орналастыру | Ақпараттық материалдардың шығуы | Әділетмині, ЖС (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), ЭҚСЖКА (келісім бойынша), мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар | Тоқсан сайын | 2012 ж. - 3 500,0; 2013 ж. - 3 500,0; 2014 ж. - 3 500,0; Барлығы: 10 500,0 | Жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде | Республикалық бюджет қаражаты Жергілікті бюджет қаражаты |
| 8 | Прокурорлық тексерулер нәтижелерін БАҚ-та жариялау | БАҚ-тағы баяндамалар | БП (келісім бойынша) | Жыл сайын, жартыжылдық және жылдың қорытындылар бойынша | Талап етілмейді | | |
| 9 | Мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар қызметінің өзекті мәселелері бойынша халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар өткізу | Халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар | Әділетмині, орталық атқарушы органдар, ЖС (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), ЭҚСЖКА (келісім бойынша) | Жыл сайын жылдың қорытындылары бойынша | 2012 ж. – 1 002,0; 2013 ж. – 1 002,0; 2014 ж. – 1 002,0; Барлығы: 3 006,0 | | Республикалық бюджет қаражаты |
| 10 | Заңгер ғалымдар, құқық қорғау, сот және өзге де органдардың неғұрлым тәжірибелі практик қызметкерлерін тарта отырып, құқықтық пәндердің оқытушыларын қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша курстар өткізу | Оқыту курстары | Әділетмині, БҒМ, ПМ, ЖС (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), ЭҚСЖКА (келісім бойынша) (курстарға қатысу бойынша) | Жыл сайын жылдың қорытындылары бойынша | 2012 ж. - 2 907,0; 2013 ж. - 2 907,0; 2014 ж. - 2 907,0; Барлығы: 8 721,0 | | Республикалық бюджет қаражаты |

| | | | | | | |
|----|--|---|--|--|---|---|
| 11 | Мемлекеттік органдардың, оның ішінде, жергілікті атқарушы органдардың, атап айтқанда құқықтық түсіндіру бөлімдерін (рубрикаларын) көбейту және қажетті құқықтық ақпаратты орналастыру бойынша интернет-ресурстарының жұмыс істеуін жетілдіру | Интернет-ресурстарда құқықтық түсіндіру бөлімдерін (рубрикаларын) көбейту | Орталық және жергілікті атқарушы органдар | Жыл сайын жылдың қорытындылары бойынша | Талап етілмейді | |
| 12 | Өзекті құқықтық мәселелер бойынша интернет-конференциялар өткізу | Интернет-конференциялар ұйымдастыру | Орталық және жергілікті атқарушы органдар | Жарты жылда кемінде бір рет | Талап етілмейді | |
| 13 | Құқықтық тақырып бойынша жарнамалық-имидждік роликтер жасау және трансляциялау | Жарнамалық-имидждік роликтердің трансляция | Әділетмині, ЖС (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), ЭҚСЖКА (келісім бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар | Жыл сайын жылдың қорытындылары бойынша | 2012 ж. - 5 600,0; 2013 ж. - 5 600,0; 2014 ж. - 5 600,0; Барлығы: 16 800,0 | Республикалық бюджет қаражаты |
| 14 | Теле және радиоарналарда салалық тақырып бойынша жұртшылықты, оның ішінде, заң қоғамдастығы сарапшыларын кеңінен тарта отырып, телевизиялық бағдарламалар (хабарлар) мен радиохабарлар циклін жасау және трансляциялау | Теле және радиохабарлардың бағдарламалардың трансляция | Әділетмині, МАМ, ЖС (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), ЭҚСЖКА (келісім бойынша), орталық және жергілікті атқарушы органдар | Жыл сайын жылдың қорытындылары бойынша | 2012 ж. - 8 800,0; 2013 ж. - 8 800,0; 2014 ж. - 8 800,0; Барлығы: 26 400,0 Жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде | Республикалық бюджет қаражаты Жергілікті бюджет қаражаты |
| 15 | Телеарналарда халықтың құқықтық мәдени деңгейін одан әрі арттыруға бағытталған деректі фильмдерді жасау және трансляциялау | Деректі фильмдердің трансляция | Әділетмині, ЖС (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), ЭҚСЖКА (келісім бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар | Жыл сайын жылдық қорытындылар бойынша | 2012 ж. - 6 000,0; 2013 ж. - 6 000,0; 2014 ж. - 6 000,0; Барлығы: 18 000,0 | Республикалық бюджет қаражаты |
| | | | МАМ, Әділетмині (| | | |

| | | | | | | |
|----|---|--|---|--|---|---|
| 16 | «Білім» телеарнасында құқықтық тақырып бойынша телебағдарламалар циклін құру және одан әрі жұмыс істеуін мәселесін пысықтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | толықтыру бойынша), орталық атқарушы органдар, ЖС (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), ЭҚСЖКА (келісім бойынша) (телебағдарламаларды толықтыру бойынша) | 2012 жыл | Талап етілмейді | |
| 17 | Азаматтардың құқықтық мәдени деңгейін арттыруға бағытталған сыртқы жарнаманы (билбордтар, жарнамалық парақшалар сериясы және тағы басқа) жасау және орналастыру | Сыртқы жарнаманы орналастыру | Жергілікті атқарушы органдар | Жыл сайын, жартыжылдық және жылдың қорытындылар бойынша | Жергілікті бюджетте көзделген қаражат көлемінде | Жергілікті бюджет қаражаты |
| 18 | Құқықтық тақырып бойынша баспа, электрондық оқып-үйрету, ғылыми және басқа да құқықтық тақырыптағы әдебиет әзірлеу және шығару | Баспа, электрондық оқып-үйрету, ғылыми және басқа да әдебиет | Әділетмині, мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар | Жыл сайын жылдың қорытындылары бойынша | 2012 ж. - 5 000,0; 2013 ж. - 5 000,0; 2014 ж. - 5 000,0; Барлығы: 15 000,0 Жергілікті бюджетте көзделген қаражат көлемінде | Республикалық бюджет қаражаты Жергілікті бюджет қаражаты |
| 19 | Құқықтық оқу-ағарту мәселелері бойынша үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау | Бірлескен отырыстар, кездесулер өткізу | Әділетмині, мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар | Тоқсан сайын | Талап етілмейді | |
| 20 | Құқықтық тақырыпты жариялау жөніндегі медиа-жоспарды әзірлеу және іске асыру | Медиа-жоспар | Әділетмині, МАМ, орталық атқарушы органдар, ЖС (келісім бойынша), БП (келісім бойынша), | Жыл сайын, жартыжылдық және жылдың қорытындылары бойынша | Талап етілмейді | |

| | | | | | | |
|----|---|---|---------------------------------------|--|--|-------------------------------|
| | | | ЭҚСЖКА (келісім бойынша) | | | |
| 21 | Құқықтық ақпарат қызметінің жұмыс істеуін және оның жұмысын одан әрі жетілдіруді қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Әділетмині, орталық атқарушы органдар | Жыл сайын, жартыжылдық және жылдың қорытындылары бойынша | 2012 ж.- 46 966,0; 2013 ж.- 46 966,0; 2014 ж. – 46 966,0; Барлығы: 140 898,0 | Республикалық бюджет қаражаты |

Е с к е р т п е :

Іс-шаралар бойынша қаражат көлемі жыл сайын «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нақтылануы мүмкін

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

- ЭСЖҚА - Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)
- ЖС - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты
- БП - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
- ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
- МММ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
- БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
- Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
- СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
- «Нұр Отан» ХДП - «Нұр Отан» Халықтық демократиялық партиясы
- ЖОО - жоғары оқу орындары
- БАҚ - бұқаралық ақпарат құралдары